



Автор: Дарибаева Аржбек Кнуспаевна
Пән: Математика
Сынып: 1-сынып
Бөлім: Екі таңбалы сандар
Тақырып: Екі таңбалы сандарды салыстыру

Екі таңбалы сандарды салыстыру	Осы сабақ арқылы жүзеге асатын мақсаттары: 1.1.1.2 **біртаңбалы сандарды оқу, жазу және салыстыру 1.1.1.3 **біртаңбалы сандардың құрамын анықтау 1.1.1.1** натурал сандардың және нөл санының құрылуын түсіну; 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санау; олардың натурал сандар қатарындағы орнын анықтау Сабақ мақсаттары: Барлық оқушылар орындай алады: натурал сандарды алу жолын түсінеді; 10 көлеміндегі сандарды тура және кері ретпен санайды; натурал сандар қатарындағы орнын анықтайды; Көптеген оқушылардың орындай алады: бір таңбалы сандардың құрамын анықтайды; цифр мен санды бір-бірінен ажыратады; Кейбір оқушылар орындай алады: бір таңбалы сандарды әртүрлі тәсілдермен (нүктелер жиынтығымен, таяқшалармен және т.б.) көрсетеді; “+”, “-”, “=”, “≠”, “>”, “<” таңбаларын қолданады. Бағалау критерийлері: 1.Өрнек жазу үшін цифрлар мен амал таңбаларын қолданады. 2.Салыстыру таңбаларын пайдаланады. 3.Заттарды санайды, алынған нәтижелерді сандармен көрсетеді, сандарды цифрлармен жазады. Тілдік мақсат: Сегіз Түйінді сөздер мен сөз тіркестері: Тірек сөздердің айтылуын, есте сақтау және сандарды салыстыру дағдыларын қалыптастыру. Талқылауға арналған сұрақтар: 1.Балалар біздің сыныпта қанша оқушы бар? 2.Оның ішінде қанша қыз? 3.Қанша ұл бар? 4.Біздің сыныпта ұл артық па? Қыз артық па? Ұл қанша санға артық? 6.Қыз қанша санға артық? 7. Сыныпта саны сегіз болатын заттар бар ма? Алдыңғы оқу 7 саны және цифры.
--------------------------------	--

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Екі таңбалы сандарды салыстыру (21.11.2019)	Жоспарланған уақыт есебі Жоспарланған жаттығу түрлері: (төмендегі жазбаларды сіз жоспарлаған жаттығу түрлерімен ауыстырыңыз) Сабақтың басы: «Шаттық шеңбері» Оқушылар бір – бірімен амандасып, сәттілік тілейді. - Біз қандаймыз, қандаймыз? Талабы биік таудаймыз, Самғаймыз, биік самғаймыз, Екілікті алмаймыз. Әдептіміз, білімдіміз Мақсатымыз - білім алу, Міндетіміз - еңбектену Балалар житондар арқы үш топқа бөлінеді. Әр топ өзінің алған житондарының түсіне байланысты бір сөйлем құрап өтеді. Мысалы: «Сары түсті» топ Күннің түсі сары. «Жасыл түсті» топ Бағдаршамда жасыл түсі бар. «Қызыл түсті» топ Менің қызыл қаламым бар. Т.б. Топқа бөлу 1 тапсырма:Сандық сәуледен 8 санының орнын тап. Суреттегі түйелерді сана. Түсіп қалған сандарды ата. Дескриптор: 1. Сандық сәуледегі сегіз санын көрсетеді. 2. 1-ден 8-ге дейінгі сандарды санайды, салыстырады. 3. Кестедегі түсіп қалған санды табады. Кері байланыс: «Қаламсап ортада» ҚБ «жұлдызшалар» Сабақтың ортасы: СЕРГІТУ СӘТІ. Орнымыздан тұрамыз, Алақанды ұрамыз. Бір отырып, бір тұрып, Тез шынығып шығамыз. 2 тапсырма:8 санын қалай алуға болады? Мысал құрастыр және оларды шеш. Дескриптор: 1. 8 санының құрамын анықтайды. 2. Сандарды салыстырады. Кері байланыс: «Қаламсап ортада» ҚБ «жұлдызшалар»	Сары, қызыл жасыл, житондар 1-10 сандардың суреті.